

Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күші жойған

Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № А-7/200 қаулысы. Ақмола облысы Егіндікөл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 2 тамызда № 1-8-134 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 8 шілдедегі № а-7/133 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 08.07.2014 № а-7/133 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 56-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 11-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген «Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес, Егіндікөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларға тоқсан сайын 6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары З.Қ. Жұматовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Егіндікөл ауданының әкімі

Б.Сұлтанов